


69.5(5K45)82
Т21

Тарихи Турабалар



АЛМАТЫ КІТАП



ББК 63.3 (5 Қаз) 91 2
Т 50 21

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады.

718321

Құрастырушылар: Тоғысбаев Б., Сужикова А.

Т 50 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Алматы. “Алматыкітап” ЖШС, 2006. – 376 бет.

ISBN 9965-24-748-X


Бұл кітап Қазақ хандығының қалай күшейгені, елін, жерін қалай көбейтіп кенейткені туралы айта келіп, еркіндік, азаттық үшін қаншама ғасыр жанқиярлық жұмыс жүргізген ұлы адамдардың өмірі, ол адамдар туралы ел аузында қалған аңыз, әңгімелер туралы сыр шертеді.

Халық тарихы – тек қана жылнамалар жинағы емес, жеке ірі тұлғалардың өмірімен де тығыз байланысты екенін ескерсек, бұл кітаптың құндылығы арта түспек.

Т 0503020905-91
481(05)-06

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-24-748 -X



© Тоғысбаев Б., Сужикова А., 2006
© “Алматыкітап” ЖШС, 2006

Тарихи Туғалар

*Толықтырылған
екінші басылым*

Алматыкітап 2006



Бауыржан Момышұлы (1910 – 1982 жж.)

Бауыржан Момышұлы (1910-1982 ж.ж.) – Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері – Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады.

1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

Соғыс кезіндегі жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін аман-сау алып шығады. Мәскеу түбіндегі шайқастағы ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне аңыз болып жайылады. Бауыржанның осындай ерлігі жөнінде белгілі орыс жазушысы А.Бек “Волоколамское шоссе” (қазақшасы “Арпалыс”) повесін жазды. Бұл шығарма кейін бірнеше тілге аударылады.

Соғыстан кейін Бауыржан Кеңес Әскері Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Кеңес Әскері әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады.





Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

Бауыржан бірнеше орден, медальдермен наградталады, Кеңестер Одағының Батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі “батырым” деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған “Халық қаһарманы” деген атақ берілді.